

«ҚМУ» КеАҚ бос
лауазымдарына конкурстық
орналасу ережесі



ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9
1 нұсқа

БЕКІТІЛГЕН
«Қарағанды медицина
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесі
шешімімен
№5 хаттама
«05» сәуір 2022 ж.

**«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМДАРЫНА
КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ЕРЕЖЕСІ**



1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже проректорлардың, басқарушы директордың, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, комплаенс-офицердің, профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің және құрылымдық бөлімшелер басшыларының бос лауазымдарына Конкурстық орналасу тәртібін айқындайды.

2. Проректорлардың, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, комплаенс-офицердің, профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің, басқарушы директордың және құрылымдық бөлімшелер басшыларының бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурсқа (бұдан әрі-Конкурс) өздері үміттеніп отырған және осы Ережеде айқындалған мерзімде тиісті құжаттаманы ұсынған бос лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келетін адамдар жіберіледі.

3. Нәтижесінде туындаған бос орындардың болуы проректорлардың, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, комплаенс-офицердің, профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің, басқарушы директордың және құрылымдық бөлімшелер басшыларының бос лауазымдарына орналасуға Конкурс өткізу үшін негіз болып табылады:

- 1) университеттің ұйымдық құрылымындағы өзгерістер;
- 2) университеттің штаттық кестесіндегі өзгерістер;
- 3) бөлімшелерді қайта ұйымдастыру, ол сондай-ақ бірнеше бөлімшелерді біріктіруді де қамтуы мүмкін, бұл қазіргі бар лауазымдарды жоюға, басшының бірыңғай лауазымын құруға, кейіннен лауазымға Конкурс жариялауға әкеп соғады.
- 4) лауазымнан қалыпты түрде босатылуы (жұмыстан босату/ауыстыру және т.б.).

2. Проректорларды, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және комплаенс-офицерді сайлау тәртібі

4. Проректорлар, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және комплаенс-офицерді сайлау ашық Конкурс арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- 2) проректорлар, ішкі аудит қызметі қызметкерлері және комплаенс-офицер лауазымдарына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдау;
- 3) Үміткерлердің құжаттарын қарау, Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің (бұдан әрі-Комитет) отырысында

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі/ 18-ден 2 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



әңгімелесу өткізу (қажет болған жағдайда) және Директорлар кеңесіне кандидат бойынша ұсынымдар шығару;

5) Директорлар кеңесінің шешімі.

5. Бос лауазым болған жағдайда «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ ресми сайтында Конкурс өткізу туралы хабарландыру мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

6. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мыналарды қамтиды:

1) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген ұйымның атауы;

2) бос лауазымның атауы;

3) құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты (үміткерлердің құжаттарын қабылдау кезеңі Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін 10 жұмыс күнін құрайды);

4) біліктілік сипаттамаларына сәйкес кандидатқа қойылатын негізгі талаптардың тізбесі;

5) Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі.

6. «ҚМУ» КеАҚ Адами ресурстарды басқару департаменті (бұдан әрі-АРБД) Комитет пен Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды қабылдауды және дайындауды жүзеге асырады.

7. Кандидат жеке өзі немесе курьерлік қызмет арқылы АРБД-не Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды (1-қосымша), Конкурсқа қатысуға өтінішті (2-қосымша) жібереді.

8. АРБД қызметкері үміткерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін өтініште аты-жөнін, лауазымын және қолын көрсете отырып анықтайды.

9. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну, құжаттарды белгіленген мерзімнен кеш ұсыну, сондай-ақ кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі құжаттарды қайтарудан бас тартуға негіз болып табылады. Бас тарту кандидатқа жазбаша түрде жария етіледі.

10. АРБД Конкурстық істерді беруді, сондай-ақ әрбір кандидатқа біліктілік сипаттамалары мен кәсіби құзыреттерін талдауды Қоғамның Корпоративтік хатшысына кандидатураларды одан әрі «ҚМУ» КеАҚ Комитет пен Директорлар кеңесінің отырыстарында қарау үшін беруді жүзеге асырады.

11. Комитет құжаттарды қарайды, қажет болған жағдайда кандидаттармен әңгімелесу өткізеді және әрбір кандидат бойынша Директорлар кеңесінің отырысына ұсынымдар шығарады.

12. Басқарма Төрағасы-Ректор Директорлар Кеңесінің Төрағасына кандидатуралар бойынша ұсынымдар жіберуге құқылы.



13. Кандидаттардың Комитет пен Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы, әдетте, міндетті болып табылады. Ерекше жағдайларда бұл мәселені бейнеконференция режимінде қарауға жол беріледі.

14. Бір позицияға екі үміткер болмаған жағдайда Комитет Конкурсты өтпеді деп таниды және қайта Конкурс өткізу туралы ұсыным қабылдайды.

15. Конкурстық комиссияның материалдары, Комитеттің ұсынымын алған Конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ Конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі (3-қосымша), өтініші мен құжаттары АРБД-нде сақталады.

16. Комитет кандидаттарға қатысты ұсыным шығарғаннан кейін белгіленген тәртіппен үш жұмыс күні ішінде материалдар Директорлар Кеңесінің Төрағасына жіберіледі. Директорлар кеңесінің төрағасы үш жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесі отырысының күні мен күн тәртібін айқындайды.

17. Кандидаттарды қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі проректор, басқарушы директор, ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, комплаенс-офицер бос лауазымына кандидатты жасырын дауыс беру арқылы сайлау туралы шешім қабылдайды.

18. Конкурстық рәсім аяқталғаннан кейін және Конкурс нәтижелерін жария еткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірме негізінде Конкурс бойынша сайлануға байланысты бос лауазымға кандидатты тағайындау туралы Жұмыс берушінің актісі шығарылады.

3. Профессорлық-оқытушылар құрамын, ғылыми қызметкерлерді, басқарушы директорды және құрылымдық бөлімшелердің басшыларын сайлау тәртібі

19. Профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің, басқарушы директордың және құрылымдық бөлімшелер басшыларының бос лауазымдары болған жағдайда «ҚМУ» КеАҚ өзінің ресми сайтында Конкурс туралы хабарландыру орналастырады.

20. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, пошталық мекен-жайы, телефоны көрсетілген ұйымның атауы;

2) осы лауазым штат кестесінде қарастырылған бос лауазымның, құрылымдық бөлімшенің атауы;

3) құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты (үміткерлердің құжаттарын қабылдау кезеңі Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін 10 жұмыс күнін құрайды);

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі/ 18-ден 4 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



4) біліктілік сипаттамаларына сәйкес кандидатқа қойылатын негізгі талаптардың тізбесі.

5) Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі.

21. Құрылымдық бөлімшелер басшыларының, кафедра меңгерушілерінің, профессорлық-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлердің, басқарушы директордың бос лауазымдарына орналасу жөніндегі комиссия (бұдан әрі-Конкурстық комиссия) «ҚМУ» КеАҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы болып табылады.

22. Конкурстық комиссияның құрамы Басқарма Төрағасы–Ректордың бұйрығы шығарыла отырып, Басқарма шешімімен қаралады және бекітіледі. Сондай-ақ Басқарма шешімімен Конкурстық комиссияның хатшысы тағайындалады, ол Конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және ұйымдастырушылық-техникалық функцияларды жүзеге асырады.

23. Конкурстық комиссия қатысушылардың тақ санынан тұрады және өзіне мыналарды қамтиды:

- 1) төрағаны;
- 2) төраға орынбасарын;
- 3) Конкурстық комиссия мүшелерін.

24. Құрамына төмендегілер кіреді:

- 1) жұмысты үйлестіруді жүзеге асыратын немесе қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмысқа тікелей жауапты университет қызметкерлері;
- 2) комплаенс-офицер;
- 3) «ҚМУ» КеАҚ заң қызметінің өкілі;
- 4) «ҚМУ» КеАҚ кәсіподақ ұйымының өкілі.

1. Конкурстық комиссияның отырыстарына Директорлар кеңесінің мүшелері – байқашылар ретінде қатысуға құқылы.

2. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі қағидаттары:

- 1) Конкурстың барлық қатысушыларына тең мүмкіндіктер беру;
- 2) Конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету.

25. Кандидат жеке өзі немесе курьерлік қызмет арқылы Конкурс комиссиясының хатшысына хабарландыру жарияланғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды жолдайды.

26. Конкурсқа қатысуға өтінішті (4-қосымша) кандидат Конкурстық комиссияның төрағасының атына өз қолымен жазады.

27. Адам ресурстарын басқару департаментінің қызметкері үміткерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтайды, өтініште лауазымы, Т.А.Ә. және қолы көрсетіледі.

28. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну, сондай-ақ құжаттарды белгіленген мерзімнен кеш ұсыну құжаттардың қабылданбауы және



қайтарылуы үшін негіз болып табылады. Құжаттар қабылданбайтын жағдайда кандидатқа жазбаша нысанда жария етіледі.

29. Заң бөлімі ұсынылған құжаттарды қарайды және конкурстық комиссияға Конкурстық рәсімнің сақталуына қатысты жазбаша қорытынды береді.

30. Конкурса қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдары) ұсынуға құқылы.

31. Бөлімше басшысының бос лауазымына орналасу Конкурсына қатысқысы келетін тұлғалар бөлімшенің Даму стратегиясы бойынша қосымша таныстырылым ұсынуы тиіс.

32. Бос лауазымдарға орналасуға Конкурс бір позицияға екі және одан да көп кандидаттардың қатысуымен, ұсынылатын лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда өткізілуі мүмкін.

33. Бір үміткердің құжаттарды беруіне байланысты бос лауазымға Конкурс болмаған жағдайда, Конкурстық комиссия конкурстық істі жұмысқа орналасуға кандидаттармен әңгімелесу өткізу үшін комиссияға береді, ол өз кезегінде Басқарма Төрағасы-Ректорға біліктілік талаптарына сәйкестігін ескере отырып, лауазымға үміткерді тағайындауды ұсыну/ ұсынбау туралы шешім қабылдайды.

34. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке куәліктің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

2) салыстырып тексеру үшін жоғары білім, академиялық және/немесе ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және түпнұсқалары (басқа мемлекеттің білімі туралы дипломы бар тұлғалар үшін апостильдеу және нострификациялау рәсімінен өткен дипломды ұсыну қажет);

3) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;

4) «ҚМУ» КеАҚ қызметкерлері үшін - Сенат хатшысымен расталған ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімі (бар болған жағдайда); «ҚМУ» КеАҚ-да жұмыс істемейтін қызметкерлер үшін ұйымда осы функцияны орындауға уәкілетті тұлға.

35. Конкурс комиссиясының отырысына екі күн қалғанда хатшы кандидаттарды әңгімелесу өткізілетін күн, уақыт және орын туралы хабардар етеді.

36. Кандидат біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда әңгімелесуге жіберіледі. Әңгімелесу барысында Конкурстық комиссия кандидаттардың



функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіби әлеуетін бағалайды.

37. Конкурстық комиссия жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге кандидаттың тегін енгізу туралы шешім қабылдайды.

38. Кандидатура үшін «Жақтаушылар» деп дауыс беру «Келіспеймін» деген сөзді сызып тастау арқылы, ал «Қарсы» деген дауыс беру кезінде «Келісемін» деген сөзді сызып тастау арқылы нәтижелері көрсетіледі.

39. Дауыстарды санау үшін Конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан үш адамнан тұратын Есеп комиссиясын сайлайды (5-қосымша).

40. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді.

41. Конкурстық комиссияның дауыс беру нәтижелері бойынша Есеп комиссиясы отырысының хаттамасы (6-қосымша) және бюллетеньдер (7-қосымша) конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

42. Егер дауыс беруге Конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, Конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады.

43. Дауыс беру қорытындылары бойынша дауыстар саны тең болған жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

44. Бұл ретте, Конкурстық комиссия отырысының хаттамасына төрағаның дәлелді пікірі енгізіледі.

45. Конкурс нәтижелері бойынша хатшы бос лауазымға әрбір үміткер бойынша Конкурстық комиссия отырысының хаттамасын (8-қосымша) ресімдейді.

46. Хатшы кандидаттарды өздерінің кандидатуралары бойынша қабылданған Конкурстық комиссияның шешімдерімен хаттамадан үзінді көшірме түрінде таныстырады (9-қосымша).

47. Конкурстық рәсім аяқталғаннан кейін және Конкурс нәтижелерін жария еткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Конкурстық комиссия отырысы хаттамасының көшірмесіне сәйкес конкурс бойынша сайлануға байланысты бос лауазымға кандидатты тағайындау туралы жұмыс берушінің актісі шығарылады.

48. Конкурс кандидаттары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Конкурс комиссиясының шешіміне шағымдануға құқылы.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
1 қосымша

Проректор, ішкі аудит қызметінің қызметкері, комплаенс-офицер бос
лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысу үшін қажетті
құжаттардың тізбесі

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген нысандағы Конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі.
- 4) білімі туралы құжаттар мен олардың көшірмелерінің салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, көшірмелері:
 - «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі, ғылыми дәрежесі туралы құжаттарға Білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі;
 - «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білім туралы құжаттарға «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;
 - өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттың (Келісімнің) қолданылу аясына жататын білім туралы құжаттарға білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;
- 5) Жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері (қолданыстағы не соңғы);
- 6) Соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- 7) Уәкілетті орган берген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоқтығы туралы анықтама;
- 8) Басшы тәжірибесі бар, кандидат кемінде 2 жыл жұмыс істеген тұлғалардан екі ұсыныс;

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі/ 18-ден 8 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



9) Қызмет бағытын дамыту стратегиясы бойынша презентация.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың, атақтардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Конкурсқа қатысуға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған;
- 2) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар тұлғалар;
- 3) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар.

«ҚМУ» КеАҚ бос
лауазымдарына конкурстық
орналасу ережесі



ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9
1 нұсқа

«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
2 қосымша

«Қарағанды медицина
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесіне

Өтініш

Мені «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
бос лауазымына орналасу
конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасудың
қолданыстағы ережелерінің талаптарымен таныстым.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.
Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

.....

Мекен-жайы және байланыс телефоны

_____ (қолы)

_____ (тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу
ережесі/ 18-ден 10 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
3 қосымша
Приложение 3
к Правилам конкурсного замещения
вакантных должностей НАО «МУК»

ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМ/ ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК

«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымына үміткер/ Кандидата на вакантную должность
НАО МУК

тегі, аты-жөні/ фамилия, имя, отчество (болған жағдайда/при наличии)

Лауазымы/должность, санаты/категория (болған жағдайда/при наличии)

ФОТО
(түрлітүсті/
цветное, 3x4)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР/ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Туған күні және жері/ Дата и место рождения
2. Ұлты/ Национальность
3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/ Год окончания и наименование учебного заведения
4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда)/ Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)
5. Шетел тілдерін білуі/ Владение иностранными языками
6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда)/ Государственные награды, почетные звания (при наличии)
7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда)/ Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)
8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда)/ Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)
9. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
Күні, қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері, қабылданған, босатылған/ дата, должность, место работы, местонахождение организации, дата приема, увольнения

Кандидаттың қолы/ Подпись кандидата

Күні/ дата

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі/ 18-ден 11 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
4 қосымша

Конкурстық комиссияның төрағасы

лауазымы, бөлімнің атауы («ҚМУ» КеАҚ жұмыс
істейтін қызметкерлер үшін)

(толық тегі, аты-жөні)

мекен-жайы:

(тұратын мекен-жайын көрсету)

үй телефоны: _____

ұялы телефоны: _____

Өтініш

Сізден _____
лауазымы, бөлімнің атауы («ҚМУ» КеАҚ жұмыс істейтін қызметкерлер үшін)

_____ бос
лауазымға орналасуға арналған конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді
сұраймын.

_____ (_____)
(қолы) (тегі және аты-жөні)

« _____ » 20 _____ ж.

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу
ережесі/ 18-ден 12 бет

Әзірлеген күні:

Әзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
5 қосымша
Приложение 5
к Правилам конкурсного замещения
вакантных должностей НАО «МУК»

**Есептік комиссия отырысының
№__ хаттамасы/
Протокол №__
Избрания членов счетной комиссии**

«___» _____ 20__ ж.

Таңдаулы комиссияның құрамы (ТАЖ)/ Состав избранной комиссии (ФИО)

1. _____
2. _____
3. _____

Есептік комиссияның төрағасы таңдалды/ Председателем счетной комиссии
избран _____

Жақтаушылар/ За- _____

Қарсылар/ Против- _____

Дауыс беруден бас тартты/ Воздержался- _____

Комиссия мүшелері (қол қою)/

Члены комиссии (подписи)

_____ (тегі, аты-жөні/ фамилия, имя, отчество)

_____ (тегі, аты-жөні/ фамилия, имя, отчество)

_____ (тегі, аты-жөні/ фамилия, имя, отчество)

Хатшы/ Секретарь

_____ (тегі, аты-жөні/ фамилия, имя, отчество~

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу
ережесі/ 18-ден 13 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
6 қосымша
Приложение 6
к Правилам конкурсного замещения
вакантных должностей НАО «МУК»

**Дауыс беру нәтижелері бойынша бос орындарға орналасу жөніндегі
ҚМУ КеАҚ есептік комиссия отырысының**

№__ хаттамасы/

Протокол №__

**заседания счетной комиссии по результатам голосования конкурсной
комиссии по замещению вакантных должностей НАО МУК**

«__» _____ 20__ ж.

Таңдаулы комиссияның құрамы (ТАЖ)/ Состав избранной комиссии (ФИО)

Төраға/ Председатель _____

Мүшелері/ Члены: _____

Қарағанды медицина университеті Конкурстық комиссиясының ашық дауыс берудегі дауысты есептеу үшін комиссия таңдалды/ Комиссия избрана для подсчета голосов при голосовании Конкурсной комиссии Медицинского университета Караганды.

Конкурстық комиссия құрамының адам саны бекітілді/ Состав Конкурсной комиссии утвержден в количестве (человек) _____

Конкурстық комиссия мүшелері отырысында қатысты/ Присутствовало на заседании членов Конкурсной комиссии

	ТАЖ/ ФИО	Бөлімше атауы/ Наименование подразделения	Қызметі/ должность	Дауыс беру қорытындысы/ результаты голосования	
				қарсы емеспін/ согласен	қарсымын/ не согласен
1					
2					

Есептік комиссия төрағасы/ Председатель счетной комиссии _____

Есептік комиссия мүшелері (қол қою)/ Члены счетной комиссии (подписи)

(тегі, аты-жөні, қолы/ фамилия, имя, отчество, подпись)

(тегі, аты-жөні, қолы/ фамилия, имя, отчество, подпись)

Таныстым/ Ознакомлен: _____

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі/ 18-ден 14 бет

Өзірлеген күні:

Өзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
7 қосымша
Приложение 7
к Правилам конкурсного замещения
вакантных должностей НАО «МУК»

**Конкурстық комиссия жасырын дауыс беруге арналған
бюллетень/ Бюллетень
для тайного голосования по конкурсному отбору на должность**

Лауазымы/ Должность _____

Бөлішенің атауы/ Наименование подразделения _____

Жарияланған бірліктер саны/ Количество объявленных единиц _____

№	Үміткердің тегі, аты-жөні (болған жағдайда)	Дауыс беру нәтижелері	
1		<i>Келісемін</i>	<i>Келіспеймін</i>
2		<i>Келісемін</i>	<i>Келіспеймін</i>

Ескертпе:

1. Тегі әліпбилік тәртіппен енгізіледі.
2. Кандидатура үшін «Жақтаушылар» деп дауыс беру «Келіспеймін» деген сөзді сызып тастау арқылы, ал «Қарсы» деген дауыс беру кезінде «Келісемін» деген сөзді сызып тастау арқылы нәтижелері көрсетіледі.
3. Конкурстық комиссия мүшесі «Келісемін», «Келіспеймін» деген сөздермен дауыс беретін кандидатуралар саны жарияланған бірліктер санынан аспауға тиіс.
4. Көрсетілген қағидалар бұзыла отырып толтырылған Бюллетень жарамсыз деп танылады.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
8 қосымша/
Приложение 8
к Правилам конкурсного замещения
вакантных должностей НАО «МУК»

«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАРАГАНДЫ»

№ _____ ХАТТАМА
(күні)
отырысы
(бөлімше / орган атауы)

ПРОТОКОЛ № _____
(дата)
Заседания _____
(наименование подразделения/органа)

Қарағанды қ.

г. Караганда

Төраға – Т.А.Ж.
Хатшы – Т.А.Ж.
*Қатысушылар:

Председатель – Ф.И.О.
Секретарь – Ф.И.О.
*Присутствовали:

_____ (лауазымы, аты-жөні)

_____ (должности, фамилии, инициалы)

Шақырылғандар:

Приглашенные:

_____ (лауазымы, аты-жөні)

_____ (должности, фамилии, инициалы)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

ПОВЕСТКА ДНЯ

1. _____

1. _____

2. _____

2. _____

1. ТЫҢДАЛДЫ:

1. СЛУШАЛИ:

_____ (Т.А.Ж, лауазымы) (сөзінің қысқаша мазмұны)

_____ (Ф.И.О., должность) (содержание выступления)

СӨЗ АЛҒАНДАР:

ВЫСТУПИЛИ:

_____ (Т.А.Ж, лауазымы) (сөзінің қысқаша мазмұны)

_____ (Ф.И.О., должность) (содержание выступления)



ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1. _____
1.2. _____

ПОСТАНОВИЛИ:

1.1. _____
1.2. _____

2. ТЫҢДАЛДЫ:

(2-тармақ 1- тармақ сияқты толтырылады)

Төраға қолы Т.А.Ж.
Хатшы қолы Т.А.Ж.

Комиссия мүшелері:

(лауазымы, аты-жөні)

(лауазымы, аты-жөні)

(лауазымы, аты-жөні)
.....

2. СЛУШАЛИ:

(п. 2 оформляется так же, как п. 1)

Председатель подпись Ф.И.О.
Секретарь подпись Ф.И.О.

Члены комиссии:

(должности, фамилии, инициалы)

(должности, фамилии, инициалы)

(должности, фамилии, инициалы)
.....

*университеттің отырысқа қатысқан қызметкерлерінің аты-жөні алфавит тәртібімен орналасады, содан кейін шақырылғандардың лауазымы және аты-жөні жазылады. Егер 10 адамнан артық қатысса, онда олардың жалпы саны ғана көрсетіледі. Қатысушылары көп жиналыстарда олардың жалпы саны ғана көрсетіледі, ал аты-жөні жазылған тізім хаттамаға қосымша болып тіпкеледі, хаттамада қосымша туралы белгі жасалады.

*указать инициалы и фамилии присутствующих сотрудников университета в алфавитном порядке, затем должности и фамилии приглашенных. Если присутствующих более 10, то указывается их общее количество. На собраниях с большим числом присутствующих их состав указывается количественно, а пофамильный список прилагается к протоколу, о чем делается пометка.



«ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына
конкурстық орналасу ережесі
9 қосымша
Приложение 9
к Правилам конкурсного замещения
вакантных должностей НАО «МУК»

«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАРАГАНДЫ»

**ОТЫРЫСЫ ХАТТАМАСЫНАН
КӨШІРМЕ**

00.00.00 № _____
Қарағанды қ.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. _____
2. _____

ТЫҢДАЛДЫ:

(Т.А.Ж., лауазымы) (сөзінің қысқаша мазмұны)

**ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ _____**

00.00.00 № _____
г. Караганда

ПОВЕСТКА ДНЯ:

1. _____
2. _____

СЛУШАЛИ:

(Ф.И.О., должность) (содержания выступления)

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 1.1. _____
- 1.2. _____

РЕШИЛИ:

- 1.1. _____
- 1.2. _____

Төраға/ председатель

Т.А.Ж./ Ф.И.О.

Хатшы /секретарь

Т.А.Ж./ Ф.И.О.

Құжат: ҚМУ КеАҚ БЕ 0/9 «ҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына конкурстық орналасу
ережесі/ 18-ден 18 бет

Әзірлеген күні:

Әзірлеген: Бектурганов З.З., Кравцов Е.А., Дюсембина Д.Б., Юн Т.В.